

АШЫҚ САБАҚ

04



18.02.2026 ж. №2 жалпы білім беру және жалпы ізгілендіру пәндері циклдық әдістемелік комиссиясының ағылшын тілі пәнінің оқытушысы Тойланбаева К.А. «Шет тілі» пәні

бойынша «Мейіргер ісі» мамандығының 110M-9/25 топ студенттерімен «Houston, We've Had a Problem Here: Direct and Reported Speech» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақтың мақсаты:

мәтіннің қорытынды бөліміне сүйене отырып, оның мазмұнын негізгі оймен байланыстыра отырып толық түсіну. Төл сөз бен төлеу сөзді жазбаша және ауызша сөйлеуде дұрыс қолдану. Ағылшын тілінің емле ережелерін сақтай отырып, тақырыпқа сәйкес сөздік қорды тиімді пайдалану.



27.02.2026 ж. География пәнінің оқытушысы А.Б.Даулетбекова география пәнінен «Мейіргер ісі» бөлімі 101M-9/25 тобымен — STEM технологиясын қолдана отырып «Мемлекеттік шекара» тақырыбында ашық сабақ өткізді.

Сабақ барысында: Science – шекаралардың түрлері ғылыми тұрғыда салыстырылды. Technology – цифрлық карта арқылы Қазақстанның мемлекеттік шекарасын белгіледі. Engineering – шекаралық бекет моделін



құрастырды және «Ақылды шекара» идеясын ұсынды. Mathematics+Med– Қазақстанның шекара ұзындықтарын есептеп, диаграмма жасады. Мемлекеттік шекараның медицинамен байланысын анықтады. Топтық жобалар қорғалды7 «Боулинг» ойыны арқылы білімдері бекітілді. Студенттер тек тыңдап қана қоймай, зерттеді, есептеді, талдады, дәлелдеді.

ДИПЛОМ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ

05

27.02.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжі «Жолың болсын, жас маман!» тақырыбында түлектерге диплом тапсыру рәсімін өткізді.



Медициналық колледж түлектеріне диплом беру рәсімі Қазақстан Республикасының Гимнімен басталып, колледж директоры Ж.Н. Сарыбекова «Мейіргер ісі» мамандығы, «Мейіргер ісінің қолданбалы бакалавры» біліктілігі топтарының студенттеріне сәт сапар тілеп,

үздік түлектерге диплом беріп, алғыс хаттармен марапаттады.

Бітіруші түлектер Гиппократ анттын қабылдап, білім мен тәрбие берген оқытушыларға өз алғыстарын білдірді. Тәрбие бөлімінің тарапынан мерекелік концерт ұйымдастырылды.

ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ

06



21.02.2026 ж. Тараз қаласы әкімдігінің дене шынықтыру және спорт бөлімінің ұйымдастыруымен 2007-2010 жылғы туылған жасөспірімдер арасында қалалық ашық турнирі өтіп, өз мәресіне жетті. Жамбыл жоғары медициналық колледжі жүлделі III орын иеленіп, жеңімпаздар мен жүлдегерлер кубоктармен, дипломдар және арнайы естелік сыйлықтармен марапатталды. Жаттықтырушы Бейшенев Сағи Сабырұлы

Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасының Ғылым и-тәжірибелік дене шынықтыру орталығы ұйымдастыруымен өткізілген Облыстық «Ұлттық колледж лигасы» волейбол спорт түрінен ұлдар, қыздар арасында командалық есепте Жамбыл жоғары медициналық колледжі жүлделі I орын иеленіп, дипломмен марапатталды.



КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

БҮГІНГІ НӨМЕРДЕ

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ

Тәрбие жұмысының ұйымдастыруымен кездесу және тәрбие сағаты өткізілді.

01

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН

«Фармакология» пәнінен «Pharmakon» атты Республикалық интеллектуалды ойын өткізілді.

02

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

«Фармация» мамандығы фармацевтикалық пәндер оқытушылары арасында республикалық байқау

03

ДИПЛОМ ТАБЫСТАУ РӘСІМІ

«Жолың болсын, жас маман!» атты диплом беру рәсімі

05

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

Айлық-ақпараттық газеті

07

04

АШЫҚ САБАҚ

Колледж оқытушыларының ақпан айында өткізген ашық сабақтары.

06

ҚҰТТЫҚТАУ

Колледж оқытушылары мен студенттердің жетістіктері

08

КОЛЛЕДЖ ТЫНЫСЫ

Айлық-ақпараттық газеті

ТӘРБИЕ ЖҰМЫСТАРЫ

01



Тәрбие жұмысының ұйымдастыру мен техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарында «Жеке бостандыққа құқық: зорлық-зомбылыққа, сталкинкке және некеге мәжбүрлеуге қатысты құқықтық негіздер мен жауапкершілік» тақырыбында республикалық біртұтас кураторлық сағат өткізілді.

Іс-шараның мақсаты: білім алушылардың құқықтық сауаттылығын арттыру, жеке бостандық құқығының маңызын түсіндіру және зорлық-зомбылықтың кез келген түріне қарсы құқықтық жауапкершілік туралы ақпарат беру.

Студенттер құқықтық нормалар мен заң талаптарын талқылай отырып, жеке қауіпсіздік, өз құқығын қорғау жолдары және жауапкершілік мәселелері бойынша маңызды қорытындыларға келді. Осындай тәрбиелік мәні зор іс-шаралар жастардың құқықтық мәдениетін қалыптастыруға және саналы азамат болып қалыптасуына ықпал етеді.

11.02.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Жамбыл облысы әкімдігінің жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының Жамбыл облыстық тұрмыстық зорлық-зомбылық құрбандарына әлеуметтік көмек көрсету орталығы» КММ-нің мамандары Б.Қорғанбаева мен Н.Шаянованың қатысумен ақпараттық түсіндірме жұмыстары жүргізілді.



25.02.2026 ж. психологиялық қызметтің жоспарына сай «Сенімділік бойыңа күш береді» тақырыбында студенттерге арналған тренинг өткізілді. Тренинг мақсаты: сенімділікті дамыту,

корқыныш пен күмәнді жеңу, өзін-өзі басқару, қарым-қатынас дағдыларын жетілдіру. Тренинг барысында: «Сенімділік күш береді», «Сенімділік жетістіктің кілті» жаттығулары, «Сенімділік жолы» ойындары өткізілді. «Өзіңе сенімді

болудың 5 құпиясы» бейнеролик көрсетілді. Тренинг барысында қатысушылар өзін тану, эмоцияларын басқару, позитивті ойлау және қазіргі сәтті бағалау сияқты маңызды дағдыларды меңгерді. Ұйымдастырушы: Мираева А.Б.

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ИНТЕЛЛЕКТУАЛДЫҚ ОЙЫН

02



20.02.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Фармация» мамандығы бойынша 3 курс білім алушылар арасында «Фармакология» пәнінен «Pharmakon» атты

Республикалық интеллектуалды ойын өткізілді, ойынға 15 колледж қатысты. Республикалық интеллектуалды ойын «Фармация» мамандығының оқу-әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары бойынша және Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойына орай өткізілді.

Интеллектуалды ойынның мақсаттары:

1. Фармакология пәнін оқуға қызығушылықты қалыптастыру, «Фармакология» пәні бойынша «Фармация» мамандығы білім алушылардың білімдері мен дағдыларын анықтау.
2. Фармацевтикалық пәндер оқытушыларының білім алушыларға пәнді оқытудағы кәсіби және әдістемелік шеберлігін жетілдіруге мотивациясын арттыру.
3. ҚР медициналық колледждері арасында іскерлік байланыстарды қалыптастыру.

Әділ қазылар алқасы:

Әділ қазылар алқасы төрайымы: Сарыбекова Жамиля Нургалиевна — «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің» директоры
Әділ қазылар мүшелері:

1. Куанышбекова Ляззат Тураровна – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 2. Андакулова Куралай Тлеулесовна – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 3. Мейрманова Ляззат Касеналиевна – оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
 4. Серкебаева Айгуль Кумекбаевна – жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК төрайымы
- Хатшы: Байғани Аяна Жасұланқызы – фармацевтикалық пәндер оқытушысы



Интеллектуалды ойынның нәтижесі:

І дәрежелі диплом:

1. Баратова Бахаргуль Рахимжановна – «Жоғары медициналық колледж» ҚДМ Алматы қ.
2. Джамалова Милана Бахтияровна – «Шымкент жоғары медициналық колледжі»

ІІ дәрежелі диплом

1. Надимова Сурия Руслановна – «Жамбыл жоғары медициналық колледжі»
2. Кете Ұлбосын Мұхамедқызы – «Ақтөбе Жоғары медициналық колледжі»
3. Лишкаускайте Алина Вергиниусовна – «Жұмағали Тілеулин атындағы Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі»

ІІІ дәрежелі диплом

1. Власова Анастасия Витальевна – «Талдықорған жоғары медициналық колледжі»
 2. Ержанова Альбина Ербулатовна – «Көкшетау жоғары медициналық колледжі»
 3. Дабашова Зибжан Асылханқызы – «Қызылорда медициналық жоғары колледжі»
- Республикалық интеллектуалды ойын қатысушыларына сертификаттар табысталды.



РЕСПУБЛИКАЛЫҚ БАЙҚАУ

03

20.02.2026 ж. Жамбыл жоғары медициналық колледжінде «Фармация» мамандығы фармацевтикалық пәндер оқытушылары арасында «Дәрілік нысандар технологиясы пәнінен жасанды интеллектіні қолдана отырып, тәжірибелік сабақтың үздік әдістемелік әзірлемесі» атты Республикалық байқау өткізілді.

Байқау «Фармация» мамандығының оқу-әдістемелік бірлестігінің жұмыс жоспары шеңберінде және Жамбыл жоғары медициналық колледжінің 90 жылдық мерейтойына орай өткізілді.

Байқаудың мақсаты:

1. Білім беру ұйымдарында практикалық сабақтарды өткізудің үздік әдістемелерін, жаратылыстану-ғылыми білім берудегі жаңа тәсілдерді, креативті идеялар мен тұжырымдамаларды одан әрі тарату және білім беру жүйесіне енгізу үшін анықтау;
2. білім беру процесінде жасанды интеллектіні қолдану саласындағы педагогикалық және әдістемелік



тәжірибені ынталандыру және тарату;
3. педагог қызметкерлерінің құзыреттілігін жоғарлату арқылы білім беру ұйымдарының, білім берудің жоғары сапасына қол жеткізу;
4. фармацевтикалық пәндер оқытушылары арасында педагогикалық тәжірибе алмасу.

Әділ қазылар алқасы:

Әділ қазылар алқасы төрайымы: Сарыбекова Жамиля Нургалиевна — «Жамбыл жоғары медициналық колледжінің» ШЖҚ КМК директоры

Әділ қазылар мүшелері:

1. Куанышбекова Ляззат Тураровна – директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары
 2. Мейрманова Ляззат Касеналиевна – оқу-әдістемелік кабинетінің меңгерушісі
 3. Серкебаева Айгуль Кумекбаевна – жалпы кәсіптік пәндер ЦӘК төрайымы
- Хатшы: Байғани Аяна Жасұланқызы – фармацевтикалық пәндер оқытушысы

Байқауға 13 колледж оқытушылары қатысты.

Байқау нәтижесі:

І дәрежелі диплом

1. Жагипарова Аида Каримовна, Кожобекова Зауреш Хакимбековна – УО Жоғары медициналық колледжі «Даналық» З.Г. Мырзагулова атындағы
2. Андакулова Куралай Тлеулесовна, Ыбрайымжан Әдемі Арманқызы – ШЖҚ КМК «Жамбыл жоғары медициналық колледжі»

ІІ дәрежелі диплом

1. Серік Айман Тасболатқызы – ТОО «Батыс Қазақстан жоғары медициналық колледжі»
2. Тулепбекова Жазира Алтынбековна, Акимбаева Рыскул Сауралықызы – Шымкент қ., «Жоғары медицина колледжі»
3. Карагаева Лиля Узакбаевна, Калдыбаева Нагима Кураловна – «Ақтөбе жоғары медициналық колледжі»

ІІІ дәрежелі диплом

1. Тугельбаева Гаухар Хамзатовна, Клемина Татьяна Викторовна – «Жоғары медициналық колледжі» ҚДМ Алматы қ.
2. Ковальчук Евгения Мурзабековна Жұмағали Тілеулин атындағы «Солтүстік Қазақстан жоғары медициналық колледжі»
3. Абдраманова Нагима Сейткарымовна, Әбілхайырова Алуа Есенғалиқызы – «Түркістан жоғары медицина колледжі»

